



# ПРИОЗЁРСКИЙ

## Вестник

18+

№ 11/707

19 марта 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

### НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ!

#### Құрметті әріптестер, қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Наурыз - көктемгі жаңарудың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі.

Осы жыл басында Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз.

Жастарыңыз ұзақ, көңілдеріңіз көтеріңкі, аспандарыңыз ашық болсын!

#### Ізгі тілекпен

Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков



#### Уважаемые коллеги, жители и гости города!

От всей души поздравляем Вас с наступающим великим праздником Наурыз!

Наурыз-праздник весеннего обновления, добра и мира.

В начале этого года мы желаем нашей Родине – благополучия, нашему народу – благополучия, нашему государству – достатка, а каждому дому – счастья и радости.

Искренне желаем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия и успехов, хорошее настроение и ясное небо над головой!

#### С наилучшими пожеланиями

Аким города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков

## ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Ұлтымыздың ұлық мейрамы саналатын Өз-Наурызға да санаулы күндер қалды. Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де өздеріне лайықты түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекеттік мейрам секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзімізбен көршілес, бірнеше ғасырдан бері аралас-құралас өмір сүріп келе жатқан, бүгінгі күні де қаламызда араласып отырған орыс жұртын алсақ та болады. Бұл туралы қазақтың мақалы да



бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» дейді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ ұлтымыз дәріптеген, ата-бабамыз тойлаған басты мейрам бар, ол – Наурыз. Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі атап өтеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы ауыртқаша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, наурыз айының ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп жаз жетіп, шаруа шаттыққа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып, «өлім төсегінде» жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірлігі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды.

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесі

сін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Мысалы, парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың наным-түсінігі бойынша 21-наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүрет салып пісірілуі – қыс тағамымен қошта-



суды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды,

ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан танды қарсы алады.

Тіршіліктің арқауы алдыменен тамақ. Дүние жаратылғаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы, шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көрісі болып



саналатын алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен тікелей байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қытымыр қыстың, аязы мен боарыны, қатал қысымын қазақ халқындай көрмейді.

Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жаңа айдың қалай туғанына шейін қазақтың зор мағына беруі әшейін ерікпеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр немесе жеңіл өтуінен өмір-тіршілігі өзгертін, жеңіл болса – құт, ауыр болса – жұт болатындығын байқаған тәжірибеден келіп шыққан керемет болжам. Болжам десек те, қазақтың алдын ала айтқан табиғат құбылыстарына тұжырымдары жүз пайызға дәлме-дәл келмесе де, көбінесе айқын көрініс беріп отырғандығын оқып, тоқығанымыз арқылы білеміз. Қазақ малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадыйрайтын шаруашы, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн – Наурызды, қалайша мейрам етпесін, нәліктен шат-шадымын қуанышпен тойламасын?!

Кеңестік кезең тарағаннан кейін, жұрт Наурыз мейрамын қал-қадерінше тойлауға көшті. Сондықтан бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып күлісіп, жанның бәрі дүниеге жаңа келгендей маз-мейрам болуы заңды құбылыс. Елімізге ғана емес, әлемге үрей ала келген пандемияның кесірінен өткен 2020-жылдың меркесін тойлай алмадық. Қазіргі таңда жұқпалы дерттің бәсенсуіне орай мейрамды тойлап, мерекелеуіміз әбден мүмкін. Жерлестерді, әріптестерімді сағындырып келген Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Ақ мол болсын, Наурыз жақсылығын, қуаныш-шаттығын, жетістігі мен табысын ала келсін!

Роза ЖҰМАНИЯЗОВА,  
№ 1 мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

## НАУРЫЗ КЕЛДІ

Наурыз келді далама,  
Наурыз келді қалама.  
Мерекесін ұлтымның,  
Тойламасақ бола ма?

Келе жатқан көнеден,  
Қуанышқа бөлеген.  
Кірген Наурыз айымен,  
Жаңарады бар әлем.

Тышқан шығып барады,  
Тарих есте қалады.

Сыыр еніп есіктен,  
Ашылар жыл парағы.

Наурыз – Жаңа жыл басы,  
Жер-жаһанның құрдасы.  
Барлық ғалам жаңарып,  
Суға толар жылғасы.

Бұлттар жөңкіп көшеді,

Жұпар самал еседі.  
Нұрын сеуіп сұлу Күн,  
Гүл-бәйшешек өседі.

Ару тұрар үзіліп,  
Жанарымен сүзіліп.  
Оңтүстіктен сәл күнде,  
Құстар қайтар тізіліп.

Наурызды тойлайық,  
Күлейік те, ойнайық.  
Көжесінен әженің,  
Ішейік те, тоймайық.

Дала келді сәніне,  
Қала еңсін мәніне.  
Құтты болсын Наурыз,  
Жиылған көп бәріңе.

Қыдыр бұрсын ат басын,  
Жұрт тойламай жатпасын.  
Ауру-сырқау, дертінен,  
Тәңір елі сақтасын!

Наурыз – бірлік әкелсін,  
Наурыз – тірлік әкелсін.  
Ақ молайып әр үйде,  
Еңбегіміз өтелсін.

Нұрғали  
ҚАРАБЕКТЕГІ





## АИДА БАЛАЕВА ӘЙЕЛДЕР ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ СЕССИЯСЫНДА БАЯНДАМА ЖАСАДЫ



2021 жылғы 15-26 наурыз аралығында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ Штаб-пәтерінде «гибридті форматта» Әйелдер жағдайы жөніндегі комиссияның (ӘЖК) 65-ші сессиясы өтуде.

Сессия тақырыбы – «Әйелдердің қоғамдық өмірге және шешімдер қабылдауға жан-жақты және тиімді қатысуы, сондай-ақ гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін зорлық-зомбылықты жою және әйелдер мен қыздардың рөлін күшейту».

Әйелдер жағдайы жөніндегі комиссияның (ӘЖК) 65-ші сессиясы шеңберінде Министрлік дөңгелек үстелінде Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева бейнебаяндама жасады. Өз сөзінде А. Балаева қазақстандық әйелдердің қоғамның экономикалық және саяси өміріндегі рөлі және олардың жан-жақты дамуы үшін жасалып жатқан жағдайлар туралы айтып берді.

Министр ерлер мен әйелдерді тең жұмыспен қамтуға қол жеткізу, гендерлік ағартуды ілгерілету, ауылдағы әйелдерді қолдау, балалар мен әйелдерге қатысты отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін үнемі мемлекет шаралар қабылдап отырғандығын жеткізді.

«2023 жылға дейін Министрлік өңірлер, қалалар мен аудандар бөлінісінде жұмыс-

пен қамту, барлық әйелдердің базалық әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігі, мемлекеттік қолдаудың түрлі шаралары бөлігінде гендерлік қажеттіліктер картасын әзірлеп, қолданысқа енгізетін болады», - деп атап өтті Аида Балаева.

Мәселен, 2020 жылы Қазақстанда заңға түзетулер енгізілді, онда партиялық тізімдер кемінде 30%-ға әйелдер мен жастардан тұруы тиіс деп жазылған.

«Бүгінгі таңда елімізде мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарды атқаратын әйелдердің үлесі шамамен 40%-ды, сот органдарында – 53%-ды, қоғамдық кеңестердің қызметінде – 27, 2%-ды құрайды», - деді А.Балаева

Сондай-ақ, ӘЖК 65-ші сессиясының жұмысына Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Л.Рамазанова, ҚР Ішкі істер министрі Е.Тұрғымбаев қатысуда.

Жалпы, дөңгелек үстел жұмысына әлемнің 20 елінің өкілдері қатысты. Олардың ішінде: Колумбияның вице-президенті Марта Лусия Рамирез, Италияның Тең мүмкіндіктер және отбасы министрі Элена Бонетти, Кенияның Мемлекеттік қызмет және гендер министрі Маргарет Кобия, БАӘ Қоғамдық даму министрі Гесса Бинт Эсса Бухумайд және басқалар.

Естеріңізге сала кетейік, Әйелдердің жағдайы жөніндегі Комиссия - БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік Кеңесі жанындағы қосалқы құрылымдардың бірі. Комиссия 1995 жылы Әйелдердің жағдайы жөніндегі дүниежүзілік конференцияда қабылданған Бейжің іс-қимыл тұғырнама-сында айқындалған проблемалардың прогресін қадағалайды.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/>

## ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРГАНДАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС



Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық салаларының дамуына баяншылардың кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарын жүйелі жүргізуге серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Жекелеп алғанда Қазақстанның қаржы саласы бойынша Қазынашылық комитеті мен барлық мемлекеттік мекемелердің «Қазынашылық-клиент» интегралды ақпараттық жүйеге өтуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытқа дейін «Қазынашылық-клиент» жаңа ақпараттық жүйесіне мемлекеттік мекемелер толықтай 100 пайызға көшіп жұмыс атқарып отыр. Мемлекеттік мекемелердің есепшілерімен Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының мамандары арасында қарым-қатынастар азайып отыр, бұл да жемқорлық фактілерінің болдырмау мақсаттарының бірі деп айта кетуге болады.

Және де ара қашықтықта қызмет көрсету арқасында қазынашылық органдарының жұмыс сапасы жоғарылап, қайтарымдар саны азайып, мемлекеттік мекемелердің қағаз, уақыт және көліктік шығындары қысқарды.

«Қазынашылық-клиент» жүйесін енгізу қаржы құжаттарын қабылдау, өңдеу, орындау және қайтару рәсімдерінің айқындығын жоғарылатады.

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқытулар тұрақты түрде өткізіліп отырады. Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналыстырып, сенім телефоны **телефон нөмірі 8(71039) 5-20-45** қызмет жасауда.

Қалалық қазынашылық басқармасында жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті, кәсіби даярлықты және білім деңгейін үнемі көтермелеуді талап етеді. Барлық мемлекеттік қызметшілер жыл сайын салық басқармасына тапсыратын декларацияларын белгіленген уақытта тапсырып отырады. Қазынашылық басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстарына алға қойылған. Барлық қызметшілер біліктіліктерін көтеру курстарынан өткен. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің гүлдену жолында өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

**Т.Д. Манақов,**  
Приозерск ҚКБ басшысы

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

«Рухани жаңғыру» - еліміздің келелі келешегіне бағытталған, халықтың жарқын болашағының бағдарламасы іспеттес. Келешекте халқымызға әлемдік дамудың даңғыл жолын айқын көрсетіп, келер белестерді жаңарған санамен бағындыруға бағытталды.

Адамзат тарихпен бүгінді, бүгінмен ертеңді рухани сабақтастырып болашаққа бағдар жасайтыны белгілі. Ой бірлігі – рухани табысу, сезім бірлігі – діни ұстанымдарды құрметтеу, ерік бірлігі. Рухани жаңғыру көзқарасы өзіндік жаңа форматтағы бүгінгі таңдағы ерекше құндылыққа толы құнды ойлар қоры. Қоғамдық сананы, танымды рухани жаңғыру арқылы өзгертуге бағыт-бағдар, өмірге жаңа бір көзқарас қалыптастыру, қуат берер рухани қазынаның қайнар көзі. Рухани жаңғыру тамырын тереңге жайған тарихымыздың, бүгінгі өмір салтымыздың, жарқын болашағымыздың өзара сабақтастық бір арнада тоғысуынан туындаған ұлттық санамыздың рухани үйлесімінің кепілі. Ұлттық сананың кемелденуі ұлт ретіндегі жаңғырудың кепілі болатын ұлттық сана-сезімді, тарихымызды қастерлей отырып, құндылық-

тардың негізінде оны кемелдендірудің бағдары.

Ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келеді. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күші. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. «Рухани жаңғыру – кемел келешек кепілі» рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту болып табылады.

**П.С. Кенжебекова,**  
«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ директоры



## ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ



қоғам тарапынан қамқорлық жасау мәселесі де алға тартылды. Осындай мақсаттарды көздейтін ҚР Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186

Әкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасы Тіл саясатының тұжырымдамасында» Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тілдік дамудың басым бағыттары мен тілдердің қызмет ету тетіктері айқындалып, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамытуға жағдай туғызу жөніндегі мемлекеттік міндеттер белгіленді, мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасау тетіктері атап көрсетілді. ҚР Үкіметі 1998 жылғы 14 тамызда қабылдаған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» № 769 қаулысында: «1. Орталық атқару органдары, барлық деңгейдегі әкімдер: 1) «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның 23-бабына сәйкес, мемлекеттік істің барлық салаларында мемлекеттік тілдің белсенді қолданылуы үшін басым жағдай жасау қажеттігін ескере отырып, мемлекеттік органдарда іс қағаздарын кезек-кезеңімен қазақ тіліне көшіруге байланысты іс-шаралар жоспарларын жасап, жүзеге асырсын» деген сипатта нақты тапсырмалар берілді. Осы ресми құжаттың заңды жалғасы ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 4106 Жарлығымен «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында, басқа да алқалы жиындарда жасаған баяндамаларында мемлекеттік тілді дамыту мәселесін үнемі басты назарда ұстап келеді. Мемлекеттік тіл мәселесіндегі Елбасының үлкен қадамы 2006 жылдың 24 қазанында Астана қаласында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында жасаған баяндамасы болды. Қоғамда үлкен серпінді туғызған осы баяндамасында: «Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс» деп Қазақстан Республикасы ұстанып отырған тіл саясатының мәнін түсіндіре келіп, маңызды ой-тұжырымдарымен бөлісті. Қазіргі таңда мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының негізгі мақсаты - жинақталған оң тәжірибені пайдалана отырып, тіл саясатын жүзеге асырудың жаңаша тетіктерін табудағы нақты іс-әрекеттерімізді белгілеп алуына тағы бір кезекті қадамын жасау болып табылады.

**Ж.Ж. Кульмағамбетова,**  
«Айналайын» бөбекжайының тәрбиешісі






## АЛАШ КӨСЕМІ

Биыл қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын мақсат еткен, сол жолда өз бойындағы бар қасиетін, бар өмірін арнаған адам Әлихан Бөкейхановтың туғанына 155 жыл толып отыр.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – 1866 жылы Қарқаралы уезінде дүниеге келген. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлтзаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы, ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.



Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бөкейханов қазақ үшін сондай тұлға. Егер Атаүрік қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға. Көзі тірісінде қазақтың саяси да рухани көсемі ретінде танылған Әлихан Бөкейхановтың кейінгі ұрпаққа қалдырған бай да мол мұрасы – қазақ және орыс тілдерінде жазылған қазақ қоғамы туралы статистикалық мақала-очерктері, монографиялары, ғылыми ізденістері, әдеби аудармалары, талдаулары, ауыз әдебиетінің үлгілері, ғылыми-публицистикалық туындылары. 1905-1917 жылдарды қамтыған аса құр-

делі тарихи кезеңде Ә.Н.Бөкейханов туған халқының ұлт – азаттық күресінің теориялық негізін қалаушы әрі саяси серкесіне айналды. 1917-ші жылдың 13-ші желтоқсанында қазақтың ұлттық мемлекетінің шаңырағын көтеріп, туын тіккен Алашорда ұлттық-территориялық автономиясы Саяси Кеңесінің төрағасы болып сайлануы – соның бірден-бір айғағы болатын. Бір сөзбен айтқанда, Алты Алаштың ұлы – Әлихан бүкіл Ресей империясының кеңістігіндегі ықпалды – беделді саясаткер, қоғам қайраткері санатына көтерілді.

«Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» — деген асыл ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері әр қазаққа үлгі болуы тиіс! Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек. Осы жолда кішкене

болсада өз үлесін қосу мақсатында «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-де «Алаш көсемі» атты дөңгелек үстел отырысы болып өтті. Мақсаты: Алаш партиясының бірінші төрағасы Әлихан Бөкейханов туралы жан – жақты түсінік бере отырып, Ә.Бөкейхановтың қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегі туралы пікір алмасу. Дөңгелек үстелде Бөкейханов болмысының салауатты, алдына келген жанның мысын басатын өзгеше жаратылыс иесі екендігі, естеліктері туралы айтылды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Жаңа мың жылдыққа ұлы мұратпен қадам басқан еліміздің рухани жанаруының бастауы – латын әліпбиінде жатыр. Латынға ауысу қазақ тілінің дамуына, халықаралық мәдени-рухани және экономикалық байланыстардың нығайуына және IT – технологиялардың дамуына жағдай жасайды. Нақты және жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдардың озық еңбектері дәл осы латын қарпімен жазылған.

Мемлекеттің ішкі саяси бірлігінің тұрақты болуы, оның өркеніет көшінің қатарында болуына жағдай жасайды. Елбасының Қазақстан халқын қалай да биік мұраттарға жеткіземін деп «күндіз отырмай, түнде ұйықтамай» еліне жасаған қызметі «Қазақстан – 2050» Стратегиясында анық байқалды. Қалыптасқан мемлекеттің құра алған Қазақстанның бүкіл-әлемдік қауымдастықта аса ықпалды мемлекеттердің қатарынан орын алуы үшін күшті, экономикалық даму динамикасы үнемі өрлеу жолындағы ел болғаны ғана жеткіліксіз болмақ. Сонымен бірге, біз рухани-мәдени және дүниетанымдық тұрғысынан да өркендеуге тиіспіз. Ол үшін өркеніеттіліктің ең бірінші сұранысы болып саналатын әліпбиіміз – латын қарпімен болғаны дұрыс.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан

мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында латын әліпбиіне көшу мәселесіне ерекше тоқтала келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп уақытын белгілеп берді.

Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшудің барлық алғышарттары мен дайындық жұмыстары жасалып бітті. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тарапынан да, зиялы қауымның тарапынан да латын әліпбиінің халықтың болашағы үшін пайдалы екені кең көлемде насихатталып келді. Ресми талқылаулар мен бейресми отырыстарда халықтың басым көпшілігінің латын әліпбиіне жаппай көшуді қалайтыны анық байқалды. Қазіргі заманның соңғы технологиялық жетістіктері, барлық құралдарының тілі латын әліпбиіне негізделгені халық түсініп-біліп отыр.

Латын әліпбиіне көшуді заман талабы, әлемдік өркеніеттіліктің заңды үдерісі

## ШӘКІРТТЕРІММЕН МАҚТАНАМЫН!

Халық арасында есімдері ұлағатты түрде ескерілетін мамандық иелері – ұстаздар қатарында болу бақыты маған да бұйырғанына қуаныштымын хәм бақыттымын деп ойлаймын. Ол үшін білім мен тәрбие беріп жатқан шәкірттерің де білімге құштар, үлгілі, тәрбиелі, озат болуы аса маңызды. Біраз жылдық ұстаздық қызметімде алдымнан талай-талай мақтауға лайықты ұл-қыздар түлеп ұшты. Олардың алды бүгінде жоғарғы оқу орындарын бітіріп, қоғамның әртүрлі салаларында жемісті еңбек етіп жүр. Құдайға шүкір, ұшқыр ойлы, білімқұмар шәкірттерім әлі де баршылық, алдағы уақытта да бола береріне бек сенімдімін. Оның дәлелі ретінде оқырмандарға төмендегі сүйінші ақпаратты ұсынуды жөн санадым.

Қарағанды облысының білім басқармасы және «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы үстіміздегі жылғы қаңтар айының 28-29-жұлдызы аралығында қазақтың тұңғыш математик-профессоры, қазақ тіліндегі «Жоғары математика курсы» оқулығының авторы Әлімхан Ермековтің 130 жылдығын атап өту аясында, математика пәні бойыншы 8 сыныптар арасында I облыстық олимпиада ұйымдастырылған болатын. Бұл олимпиадаға мектебімізден 2 оқушы қатысты. Олимпиада еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты онлайн түрінде өткізілді және екі кезеңнен тұрды. Бірінші күнгі олимпиаданың ашылуында аталған орталықтың басшысы Айдос Қарғулович мырза ашып, өздерінің білімдегі бақтарын сынауға келген оқушыларға сәттілік тіледі. Оқушылар үшін ерекше есте қалатын сәт – аймағымыздың мақтанышы саналатын Ә.Ермековтың немересі, MARYADI британдық білім беру компаниясының негізін қалаушы Олег Ермековтың қатысушыларды құттықтауы болды. Олимпиада жоғары дәрежеде ұйымдастырылғаны қатысушылармен қатар бізді де қуантып тастады. Өзім ұстаздық ететін № 1 қазақ мектебінің атынан қатысқан және менің жетекшілігімде бөйгеге түскен екі шәкірттің біліміне сенсем де, оларға тілекші әрі ұстазы ретінде көңілім толқып тұрғаны рас.

Олимпиадаға қатысушы оқушылар I кезең тапсырмаларын уақытылы, шапшаңдықпен орындап тапсырды. Нәтижесінде шәкірттерім Аяжан Алимджанова 21 ұпай,

Айнұр Оралханова 23 ұпай жинады. II кезеңде де қатысушы оқушыларымыз бар білімдерін ортаға салып, тапсырмадағы есептерді жылдам шешіп үлгерді. Тартысты да, қызықты өткен бұл олимпиадаға облысымыздағы барлық білім беру мекемелерінен жалпы 221 оқушы қатысқан болатын. Соның ішінен I орынды – 7 оқушы, II орынды – 28 оқушы, III орынды – 42 оқушы иеленді. Солардың қатарында біздің екі оқушымыз, атап айтқанда менің шәкірттерім облыс көлемінде топты жарып, жүлделі орындарға ие болды. Олар – 8 «А» сынып оқушылары Айнұр Оралханова бірінші орын дипломының, Аяжан Алимджанова екінші дәрежелі диплом иегерлері атанып, менің ғана емес, мектебіміздің және қаламыздың мәртебесін биіктетті. Олимпиаданың жүлдегерлеріне Қарағанды облысының білім басқармасының I, II дәрежелі дипломдары мен сертификаттар берілді.



Оқушылардың жетекшісі және математика пәнінің мұғалімі ретінде менің атыма алғыс хат табысталды.

Қатысушыларымызға, олардың ұстаздарына, ата-аналарына бәріне де жанкүйер болған ұстаз ретінде алғысым шексіз. Осындай балалардың нағыз білімін сынайтын олимпиада, сайыстар көбірек бола берсін деп тілейміз. Сөз соңында мектебіміздегі техникалық базаның өте мықты екенін, оқушылардың алаңсыз білім алуына толық жағдай жасалғанын, соның арқасында білім беру сапасының жақсарып келе жатқанын айта кеткім келеді.

Назира ШАКЕТОВА,  
математика пәнінің оқытушысы.

ретінде қоғам қабылдады. Латын әліпбиіне көшу ұлттымыздың санасын қайта жаңғыртады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға жол ашады Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Еліміздің латын әліпбиіне көшу – ұлттымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі» делі.

Қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі, біріншіден, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде өркеніетке жол ашып, түркі әлемімен бірігуге негіз болады, үшіншіден тарихтың тәлкегінен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен қазақ халқы үшін латын әліпбиі олардың рухани бірлігі мен дүниетанымының тұтастануына алып келетін бірден-бір сара жол болып саналамақ. Қазақ елі өміршең бастамаларымен түркі халықтарының тарихын, рухани және мәдениетін, әдебиетін, тілін, ділін жан-жақты, тереңдетіп зерттеу де айырықша сүбелі жұмыстар жасап жатыр. Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ халқы ұлттық мәдениет құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық тілінің тарихын, қайнар-көздерін іздестіруде. Әлемдегі жаһандану процесіне сәйкес түркі елдері де өздерінің ұлттық тарихының түп негізін тереңінен зерттеп,



өзара бірігу үрдісі де күшейе түсуде. Латын әліпбиін қабылдау бізге ұлттық құндылықтарды, рухани байлығымызды, рухани мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді сақтап ары қарай дамытуға себепші болады. Біз өз тарапымыздан латын әліпбиінің артықшылықтарын халыққа кеңінен таныстыра отырып, бүгінде ішкі саясатымыздағы басты жетістігіміз азаматтық қағидаларға негізделген қазақстандық бірегейлікті нығайтудың және дамытудың жолдарын көрсете аламыз. Ұлттық мұрат негізінде қоғамды ұйыстырып, әлеуметтік бірлікті нығайту кез келген көп ұлттық мемлекеттің қоғамдық өмірінің күрделі жақтарының бірі болып табылады.

Сондықтан, Мәңгілік Ел мұратына ұмтылған Қазақстан халқының ұлттық кодының негізі саналатын рухани жаңғырудың негізі латын әліпбиіне көшу – еліміздің әлемдегі өркеніетті мемлекеттердің қатарынан табылуының кепілі болып саналады.

Ж. Абулова,  
«Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі



## ЧТЕНИЕ - ВОТ ЛУЧШЕЕ УЧЕНИЕ

Ученые давно выяснили как сохранить ясность ума на протяжении всей жизни: нужно постоянно развивать свой мозг. Один из лучших способов делать это — регулярно и вдумчиво читать. Проблема продвижения чтения сегодня актуальна во всем мире. В разных странах существуют свои подходы к ее решению. Тем не менее, все они преследуют одни и те же цели: сделать чтение привлекательным для современного человека, показать его важность для развития как отдельной личности, так и общества в целом.

Чтение — это важнейшее условие формирования мыслительных способностей. Будущее нашей страны в руках образованной молодежи. В связи с этим создаются все условия для того, чтобы дети получали качественное образование. Чему обучать в XXI веке? Что делать? Какие новшества нужны для того, чтобы дети освоили новые знания? На все эти вопросы



стараятся найти ответы люди работающие в сфере образования.

С 01 по 6 марта 2021 г. прошла неделя «Читательской грамотности» на тему «XXI век – век грамотного поколения» по областному проекту «Зейн» в КГУ «Общеобразовательная школа №2» отдела образования города Приозерск Управления образования Карагандинской области.

Целью недельной работы было, развитие познавательного интереса, индивидуальных, творческих способностей учащихся с определением возможностей гуманитарных предметов на основе формирования функциональной грамотности учащихся.

### Тұрғындардың назарына

## ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРІ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 186 бұйрығымен "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығына енген өзгерістерге сәйкес өсімдіктер карантині саласында көрсетілетін жаңа мемлекеттік қызмет «Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалау» енгізілді.

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу бойынша толық мәлімет Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларының 7 параграфында жазылған.

"Астық пен оның өңделген өнімдерін

Задачи: развитие интереса учащихся к урокам иностранных языков; повышение уровня орфографической грамотности; повышение познавательной активности учащихся; обогащение словарного запаса учащихся; развитие коммуникативных навыков учащихся; возрождение и совершенствование традиций семейного чтения.

Все мероприятия были проведены согласно намеченному плану. При подготовке мероприятий учителями русского и английского языков учитывались интересы обучающихся, их индивидуальные особенности, креативные способности. Были использованы компьютерные презентации, схемы, таблицы, применены интегрированный и системно-деятельностный методы обучения. Каждому педагогу удалось достичь поставленной цели в формировании познавательной мотивации обучения, расширения кругозора детей, воспитании ответственности.

По итогам проектной недели все уроки прошли по плану. Учащиеся 5-11 классов активно участвовали на мероприятиях и получили хорошее впечатление. На творческих проектах ученики выполняли задания и презентовали свои работы на высоком уровне. В конце проекта ученики были награждены за активное участие и творческие способности. Проведенные уроки были опубликованы в социальных сетях.



**Н.Т. Жапаркулова,**  
учитель русского языка и литературы;  
**А.С. Сабитова,**  
учитель английского языка;  
«ОШ №2 г. Приозерск»

**З.Т.Кусанова,**  
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск ҚАИ  
өсімдіктер карантині жөніндегі  
мемлекеттік инспекторы

## НАУКА, ТЕХНИКА И ПРИРОДА

Естественные науки - сводное название наук, занимающихся изучением природы; система наук, занимающихся познанием природных явлений и общих законов их развития. Естественнаучный диапазон охватывает различные объекты природы (от космической системы до микромира), общее свойство и структуру мира, живую природу, объекты, лежащие за пределами нашей планеты, а также Землю. Естественные науки отличаются, во-первых, научной точностью и систематичностью, во-вторых, своей практической значимостью как средства использования природных ресурсов.

Науки, включаемые в научную деятельность, группируются следующим образом:

- 1) физика, химия;
- 2) биология, ботаника, зоология;
- 3) анатомия, физиология, генетика;
- 4) геология, минералогия, палеонтология, метеорология, география (физическая);
- 5) астрономия (астрофизика и астрохимия).



В целях повышения интереса учащихся

к изучению естественнонаучных предметов, вызвать у них положительные эмоции, подвести к самостоятельным выводам и обобщениям, обогатить кругозор и интеллект учащихся дополнительными знаниями по естественным наукам, в рамках проекта «Зейн» с 9 марта по 13 марта 2021г была проведена неделя естественнонаучной грамотности «Наука, техника, природа» в КГУ «ОШ №2» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области. Мероприятия были проведены учителями естествознания, биологии, химии, физики, географии.

В 5 А классе, учителем естествознания Стась Л.П., был проведен урок-практикум по естествознанию на тему «Строение растительной клетки», где учащиеся учились самостоятельно готовить микрпрепараты и работали с микроскопами. Учителя биологии Мухтарова Г.О. и Мысыкбаева К.Т. провели внеклассные мероприятия в 9 классах. Данные мероприятия проводились в познавательной-развивающей форме, учителя использовали задания на логику и сме-

калку, учитывающие учебные возможности учащихся, а учащиеся демонстрировали свои знания, смекалку и получали дополнительные знания. А также учителями применялись программы для создания викторин и тестовых заданий. Учителем географии Ермекабаев А.К., в 6 «В» классе использовалась программа «Kahoot», учителем физики Сарсепбаева А.Д. использовалась программа «Quizzes», в целях повышения интереса к изучаемым предметам.

Уроки в виде викторины были проведены в 7 «В, Г», 8 «Б», 6 «В, Г» классах, учителями биологии Косаевой К., химии Бегалиевой Ж., географии Кенджебаевой Т. в целях развития кругозора, творческого мышления, функциональной грамотности учащихся.

В целях развития творческих способностей учащихся учителями естествознания и географии Стась Л.П. и Ермекабаев А.К. был проведен конкурс макетов и моделей Земли, где ученики проявили творческий подход и креативность.

Очень интересным прошел урок естествознания «Путешествие в мир географии» в 5 «В» классе учителем Канатовой Ж.Е., в целях знакомства с природой родного края, формирование экологической культуры, воспитание нравственных и эстетических чувств учащихся.

Данные мероприятия проводились в познавательной-развивающей форме, учителя использовали задания на логику и смекалку, учитывающие учебные возможности учащихся, а учащиеся по различным предметам демонстрировали свои знания, смекалку и получали дополнительные знания. Открытые уроки, проведенные в ходе недели, были спланированы с помощью новых методов и приемов системы образования с целью повышения логического интеллекта учащихся, мотивации к заня-



тиям. Проведение урока с новаторским процессом повышает качество знаний учащихся, пробуждает интерес к уроку, развивает мышление учащихся. Учителя-предметники, ориентируясь на учеников, сотрудничали с учениками, работали вместе, доверительно относились к ним, открыто выражали свои мысли, поддерживали речь.

В последний день недели были подведены итоги проведенных мероприятий. Награждением были охвачены активные учащиеся и учащиеся, участвовавшие в различных конкурсах и ставшие победителями.

**Г.О. Мухтарова,**  
учитель биологии КГУ «ОШ №2»

### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.  
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

**Собственник: ИП Струментов А.В.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107  
**Справки по тел.:** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 11/707. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**